

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

29.08.2023 ж

Қатысқандар саны-10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «МДМ жаңа оқу жылына дайындығы».

1. «Балым» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту
2. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
4. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.

1. **Тыңдалды:** Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Адина Муратбаевна сөз алып педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын және топтар топтағы балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақталғанын айтып өтті. Жаңа оқужылына жаңа қарқынмен кірісулер қадап айтты. 2023-2024 жылға арналған жоспардың барлық 5 бөлімі қамтылды және жоспардың мазмұны түсіндірілді, талқыланды, бекітілді. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы, топ тәрбиешілеріне оқу құралдары, перспективалық жоспарлар, апталық циклограмма құрылуына үлгілік оқу жоспар және әдістемелік нұсқау хат негізге алынатынын айтты. Және кітаптар, көрнекіліктері болуын нақтылап айтты.
2. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе - балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу –әрекет кестесі үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған, тәрбиелеу-білім беру процесі іс-шаралардан тұратын (балаларды қабылдау, таңертенгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, ұйқы, шынықтыру, үйге қайту) балалардың дағдылар бойынша іс-әрекеттер, ойындар қарастырылған күн тәртібін бекіту туралы әдіскер Корабаева Адина таныстырды, сәйкестендіріп бекітілді.

3. **Тыңдалды:** Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ж.Санаева әріптестерді ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылына тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өту үшін нұсқау хатты дауыстап оқып берді.
4. **Тыңдалды:** күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша мектепке дейінгі шағын орталығының меңгерушісі сөз алып, топтардың және оқу кабинеттері, музыка залы, дамыту орта бойынша жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттандырылдық екендігін айтты, көрсетіп және де безендіру жұмыстары аяқталды деп айтты. Төсек, сүлгілер, шкаф т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Балалардың бейімделеу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті. Әр топ тәрбиешілеріне концелярлық құралдар мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойыншықтар үлестірілді.
5. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі 5 мәселе бойынша балабақша әдіскері Адина Муратбаевна сөз алды: балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың көмекшілері, және әрине ата - аналар қатысуы керек. Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды оқып, қызметкерлерге нұсқаулық өткізді.

Қаулы:

1. Тәрбиешілердің айлық перспективалық жоспар, апталық циклограммалар құрылсын.
2. Бекітілген күн тәртібімен жұмыс жасау
3. Топтағы маркировка жасалынсын.

Кеңсе төрайымы:

А.М.Корабаева

Хатшысы:

Н. Жотабай



№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

24.10.2023 ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі, Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
2. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
3. Өткен «Алтын күз» ертеңгіліктің есебі
4. Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ортаңғы, ересек топтары.)
5. Жас мамандармен жұмыс

1. **Тыңдалды:** Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Адина Муратбаевна сөз алып –өткен педагогикалық кеңесінің шешімдері ол тәрбиешілердің апталық циклограммасы құрылғаны және сол бойынша күнделікті жұмыс атқарылып жатқаны, бекітілген күн тәртібі бойынша жұмыс жасалынып жатқаны, топтағы маркировка бойынша қанағаттанарлық деп айтты.
2. **Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева есеп берді. Қыркүйек айында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізілген. Сол мониторинг жинағы көрсеткіштері біздің балабақшамыздағы тәрбиеленіп жатқан балалардың физикалық, танымдық және коммуникативтық қасиеттері 60% жетпес жоғары деңгейде екенің көрсетті. Әлеуметтік және шығармашылық дағдылар бойынша 62% орташа деңгейдегі балалар екен. Демек тәрбиеленіп жатқан балалардың әлеуметтік және шығармашылық іс-әрекеттеріне назар аудару керектігін айтты.
3. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Санаева есеп берді. Балабақша әдіскері белгілеген кесте бойынша

4. **Тыңдалды:** Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ересек «Солнышко» және ортаңғы «Құлыншақ» топтарының орындалуы бойынша сөйледі. Балалармен жеке жұмыс қалай жасалып жатқаны топ тәрбиешілері айтып берді.
5. **Тыңдалды:** Жас мамандарға балаларды шығармашылыққа тарту, бауылу мақсатында тәрбиеші Д. Асабаеваға шығармашылық тренинг өткізу тапсырма берілді.

1. Бекітілген күн тәртібін сақтау.
2. Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша балаларда білім дағдыларында анықталған кемшіліктер бойынша күннің екінші жартысында жұмыс жасау.
3. Жас мамандарға және барлық тәрбиешілер қатысуымен Шығармашылыққа бауылу тренинг өтілсін.

А.М.Корабаева

Н. Жотабай

№ 3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

19.01.2024

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

1. Бірінші жарты жылдықтағы білім білік дағдыларын диагностикалау мониторинг қортындысы
2. Жартыжылдық жұмыстардың қорытындысы
3. Жартыжылдықта ауырған балалардың көрсеткішін талдау
4. Әр түрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жарты жылдықтағы білім білік дағдыларын диагностикалау мониторингі өткені және қорытындысы бойынша балабақша әдіскері А. Корабаева сөз сөйледі: оқу жылы басында бастапқы диагностика нәтижелері негізінде балалардың тәрбие мен оқытудың базалық деңгейіне мониторинг жүргізілген, баланың белгілі бір кезеңдегі жетістіктерінің деңгейін көрсетті. Ал аралық мониторинг нәтижелері бойынша, оқу жылының ішіндегі білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері бойынша, бағдарламаны меңгеру деңгейі байқалады. Диагностика әлсіз жақтарын анықтауға және шешу жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Аралық диагностика нәтижелері балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қызығушылығын дамыту керек екендігін айқындап көрсетті. Себебі ортаңғы және ересек топтарда таным, шығармашылық саласы бойынша мониторинг нәтижелері балалардың дағдылары орташа деңгейді көрсетті. Жалпы мектепке дейінгі топтарда 73 бала тексерілді. Олардың ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары деңгейі 32 бала және орта деңгейі бар балалар 28 бала.

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.М. Корабаева сөйледі: қыркүйек айна балабақшамызда өздерін білетіндей 5 топ жас ерекшелігіне бөлініп керекті құралдарымен (орындықтар, үстелдер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, кенсе заттар) толықтырылған. Барлық топтар мемлекеттік тілде оқытылып жатыр. Баланы таңертен қабылданған уақыттан бастан күні күн тәртібі бойынша өтеді. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Ойын оқу технологиялар практикалық қызметке белсенді енгізілуде, бұл оқыту сапасын қамтамасыз етті, бағдарламалық материалды игеру деңгейі артты. Жылдық жоспар бойынша барлық іс-шаралар уақытылы жүргізіліп

жатыр. Аралық мониторинг нәтижелері бойынша балабақшадағы баланың даму деңгейлері анықталды. Және кемшіліктер айқылданды бұл кейбір топтарда коммуникативтық және шығармашылық дағдылар.

Коммуникативтық және шығармашылық қасиеттеріне қызығушылығын арттыру үшін балаларды ертегілер арқылы немесе басқада тәсілдерді қолдану керектігін айтты. Осы айда жылдық жоспар бойынша ертегі аптасы белгіленгенің ескертті. Танымдық қызығушылыққа баланың ақыл-ой жұмысын арттыратын ол дидактикалық ойын. В.С. Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуы да мүмкін емес». Ойын арқылы балалар көп нәрсені үйреніп тез ұғынып сол ойынға қортынды жасапта үйренеді. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту, оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы- ойын әрекеті. Деп тәрбиешілерге дидактикалық ойындарға назар аударуын ұсынды.

3.Тыңдалды: Балабақшада сауықтыру жұмыстары жүзеге асырылады: медициналық профилактика, дене шынықтыру, сауықтыру, әлеуметтік психология. Денсаулық жағдайы даму динамикасы бақылауда. Барлық персонал уақытылы мед байқаудан өтілуде.

Қараша-желтоқсан айларында тұмауға байланысты баланың балабақшаға қатысуы төмендеген. Кәзіргі таңда қатысуы жақсы деп балабақша медбикесі Байдуанова Патима Жарылқаповна сөйледі.

4.Тыңдалды: басқа түрлі мәселелер талқыланды. Балабақша әдіскері А. Корабаева тәрбиешілерге жалпы заттық дамытушы орта туралы түсінік берді, дамыту орта нені қамтамасыз етуі керек, балаға не беретінің, ойыншықтар қалай жинақталып ортаны құратының айтты.

Қаулы:

1. «Ертегі елінде» ертегіні сахналау немесе құыршақ тетр арқылы қойылымдар барлық топтарда жүзеге асырылсын.
2. Топтардағы заттық дамыту ортаны толық қолжетімді, әртүрлі, аусымды жасау керек.

Кеңсе төрайымы:

А.М.Корабаева

Хатшысы:

Н. Жотабай



№ 4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

01.03.2024

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

- 1.«Ертегілер елінде» сахналық қойылым (есеп беру)
2. Денсаулық мерекесі «Спорттық эстафеталар» (қысқы эстафета ойындары) есеп беру
3. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру
4. «8 наурыз- аналар мерекесі» сценарийін бекіту

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Корабаева жылдық жоспар бойынша «Ертегілер елінде» атты ертегіні сахналық қойылымдарға есеп берді. Балабақшаның барлық топтарында балалардың ертегіге деген қызығушылығын ояту сахналау шығармашылық қиялын шындау, кейіпкерлерді сомдау, өзара сыйластыққа, мейірімділікке бауылу мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. «Балапан» кіші топта тәрбиешісі мен көмекшісі «Бауырсақ» ертегісін құыршақ театры ал ортаңғы, ересек, МАД және кіші «Ботақан» топтарында балалар мен тәрбиешілері сахналық қойылым көрсетті. Кіші «Ботақан» тобының бүлдіршіндері және тәрбиешісі өте қызықты «Мақта қыз» ертегісін көрсетті, ортаңғы «Құлыншақ» топ бүлдіршіндері мен тәрбиешісі өзгертілген «Бауырсақ» ертегіні сахналады. Іс-шаралар жақсы деңгейде өтті деп бағаланды.

2.Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Корабаева жалғастырды. Спорт пен денсаулық тығыз байланыста екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға бауылу, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, балалардың икемділігін және ептіліктерін, шапшандылық қабілеттерін дамыту мақсатында жоспарланған «Денсаулық күні» қысқы эстафета ойындары ақпанның 15 күні ұйымдастырылған. Балабақшамыздағы денсаулық күні – біздің балалар үшін қызық мереке болды. Көңілді сауық-сайран, шулы жарыстар және қызықты ойындарсыз балалардың өмірін елестету мүмкін емес, солай бақшамыздағы Денсаулық күні осылайша көңілді, шулы, әрі балалардың белсенді қатысуымен өтті. Өтілген Денсаулық күні балалардың тек қимылдық жағынан дамуына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар адамгершілік тәрбиесіне де, жағымды эмоцияларға бөленуіне де септігін тигізді деп есеп берді.

3.Тыңдалды: күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А. Корабаева сөйледі. Балалардың күн тәртібіндегі серуен кезегі қызықты,

пайдалы өту үшін, алдын ала жұмысты тандап алу қажет, серуеннің өзін, серуенде алған білімдерін бекітіп және шығармашылықта балалармен жұмысты ұйымдастыру керек. Серуенді өткізгенде дидактикалық, қозғалыс танымдақ, сюжеттік ойындарға аса маңызды көңіл бөлінеді. Табиғат аясында өткізілетін сабақтар балаларға қатты ұнайды. «Жүз рет естігеннен де, бір рет көрген артық» деген сөз бар, ол тегін айтылмаса керек. Бақылауға балалардың назарын аударып, табиғат құбылыстарын байқау, қадағалау мәні зор. Сол бақылап балалар жауап бергенде әңгімені құрастырып ой өрісі дамиды, сөздық қоры молайады. Қимылды ойындар ірі моторикасын, ептілікті дамытады. Сол себептен серуенге назар аударуды айтты. Тәрбиешілер бір ауыздан мақұлдады. Тәрбиеші Асабаева кіші «Балапан» тобының серуені туралы айтты.

4.Тыңдалды: тәрбиешілер 8 наурыз аналар мерекесіне орай түзген сценарийлерін көрсетіп бекітуге ұсынды.

Қаулы:

1. «8 наурыз» мерекесіен орай ертеңгілік келісілген кесте бойынша және сценарий бойынша өтсін.
2. Топ тәрбиешілер серуен кезеңіне жоспар жасасын.

Кеңсе төрайымы:



 А.М.Корабаева

Хатшысы:

 Н. Жотабай

№ 5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

15.05.2024

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерің тексеру
- 2.2023-2024 оқу жылының қорытындысы
3. Қорытынды ашық оқу қызметіне кесте құру, сценарилармен танысу, бекіту
4. МАД тобының қоштасу ертеңгілік сценариимен танысу, бекіту
5. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қорытынды мониторинг нәтижесі
6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Адина Муратбаевна сөз алып – өткен педагогикалық кеңесінің шешімдері ол тәрбиешілер серуен кезеніне жоспар жасауы туралы есеп берді. Тәрбиешілер балалармен түрлі қимылды ойын ойнау үшін оларға ойын картотекалары берілген, сол бойынша тәрбиешілер жұмыс атқаруда деп айтты.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сойледі. 2023-2024 оқу жылының басында бес топ 104 мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелік және оқу қызметіне қабылданған. Балабақша тәрбие мен оқыту жоспары бойынша жұмыстарын атқарды. Жоспар бойынша тәрбиеленушілерге патриоттық сезім, қазақ тілін, қазақ ұлттық дәстүрлерді құрметтеу сезімдерін ояту мақсатында іс-шаралар жүргізілді. Жәнеде көп деген ашық іс-әрекеттер, ертеңгіліктер, қойылымдар және басқа іс-шаралар өтілді. Балалар жыл бойы әрбір іс-шарадан өзіне керекті дүние сақтап, өздері жаттаған тақпақтарын, әндерін айтып, би билеп өз ата-аналарымен қуана бөлісіп өтті. Балалардың оқу бағдарламасының мазмұның игеруде бойынша балалардың біліктілігі мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша мониторинг жүргізілген. Мониторинг нәтижелері балабақшамызда аралық байқау мен қорытынды кезеңінде жоғары деңгей 45 пайыздан 69 пайызға өсті, орташа деңгей 40 пайыздан 29 пайызға төмендеді. Бұл деген жақсы көрсеткіш деп есеп берді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қорытынды ашық іс-әрекеттер жоспарлар бекітуге ұсынылды және іс-әрекеттерді өткізуге кесте құрылды.

Тыңдалды: Мектеп алды даярлық топ тәрбиешісі Исмаилова Динара балабақшамен қоштасу ертеңгілігінің сценариімен таныстырып бекітуге ұсынды.

Тыңдалды: Қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қыркүйек айынан бастап балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің бірінғай жүйесі енгізілді, ол арқылы білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылау яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған бақылау. Оқу жылының барысында өтілген мониторинг нәтижелері бойынша барлық салада динамика 20% -дай көрсеткіштері жоғарланды. Бұл деген балалардың оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесі.

Тыңдалды: Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен ойындар, жарыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Сондықтан жаз маусымына жоспар құрылуы маңызды деп айтты. Жаз маусым тақырыптық апталыққа бөлінетінін айтты, және жас ерекшелігіне орай іс-шаралар құрылатынын балабақша меңгерушісі А. Корабаева айтты.

Қаулы:

1. Қорытынды ашық іс-әрекеттер уақытылы кесте бойынша өтілсін.
2. МАД тобының қоштасу ертеңгілігі бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
3. Жаз маусымының жоспары құрылсын, бекітілсін.

Кеңсе төрайымы

Хатшысы:



А.М.Корабаева

Г. Мырзагельдиева